

2016 жылға ауыл шаруашылығы басым дақылдарының субсидияланатын әр түрі бойынша субсидия алуға Тайынша ауданының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін тізімге қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдерін белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 335 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 тамызда № 3870 болып тіркелді

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген (№ 11094 Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау Қағидаларының 10 тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға ауыл шаруашылығы басым дақылдарының субсидияланатын әр түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға Тайынша ауданының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін тізімге қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 24 тамызынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданының әкімі*

Е. Иманслям

2016 жылға ауыл шаруашылығы басым дақылдарының субсидияланатын әр түрі бойынша субсидия алуға Тайынша ауданының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін тізімге қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері

№ п/п	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімдерді ұсыну мерзімдері
1	Жаздық бидай	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
2	Күздік бидай	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
3	Күздік қарабидай	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
4	Арпа	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
5	Сұлы	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
6	Қаракұмық	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
7	Тары	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
8	Дәнді-бұршақты дақылдар	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
9	Майлы дақылдар	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
10	Картоп	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
11	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсірген картоп	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
12	Ашық топырақтағы көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
13	Өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
		2016 жылдың 24

14	Фермерлік жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
	Жемшөптік дақылдар:	
15	бірінші, екінші және үшінші жылғы көп жылдық бұршақ шөптер	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
16	бірінші жылы егілген басқа да көп жылдық шөптер	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
17	сүрлемдік жүгері және күнбағыс	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
	бір жылдық шөптер, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың қоспасы:	
18	сұлы мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа *	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
19	судан шөбі; тары; итқонақ; сұлы және сиыржоңышқа **	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
20	сұлы, арпа, бұршақ және бидай; сұлы мен бұршақ; тары мен бұршақ ***	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін
21	бұршақ пен сұлы; сұлы, арпа және бұршақ; судан шөбі мен бұршақ; тары мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа; рапс пен сұлы ****	2016 жылдың 24 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін

* азыққа

** пішенге

*** пішендемеге

**** жасыл конвейерге